



БҰЙРЫҚ

31.08.2023

Жезқазған қаласы

ПРИКАЗ

№ 198-Н

город Жезказган

Ыстық тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-ансының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы №490 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Ұлытау облыстық мәслихатының XII сессиясының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №12/84 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023 жылғы 9 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны 500 теңге болып бекітілсін.
2. 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылып, оқушы тізімі бекітілсін;
Жауапты мектеп әлеуметтік педагогы Г.К.Кумбаева тағайындалсын;
(қосымша №1)

3. Білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін. Перспективті мәзірді бекіту кезінде осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларға сәйкес 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1-11 - сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай 2 апталық мәзір пайдаланылсын. (қосымша №2)
4. Білім беру ұйымдарының асханаларында ата-аналар төлемі есебінен тамактанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.
5. Санитарлық ереже басшылыққа алынып, сыныптардың ауысым бойынша тамақтану кестесі құрылсын; (қосымша № 3)
6. Тамақтануды ұйымдастыруды қадағалау бракераждық комиссияға міндеттелсін; (қосымша №4)
7. Дұрыс тамақтануды насихаттауға байланысты әңгімелер, сауалнама жүргізу, оқушылардың асханада өзін - өзі ұстай алу мәдениеті туралы сынып сағаттар өткізу, ата-аналармен жұмыс жүргізу мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Ы.Болсамбекова мен Г.Т.Кидербаеваға жүктелсін;
8. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз ету мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Ы.Болсамбековаға және мектептің әлеуметтік педагогы Г.К.Кумбаеваға жүктелсін;
9. Асханада санитарлық ереженің сақталуы күнделікті әкімшілік кезекші тарапынан бақылауға алынсын.(қосымша №5)
10. Мектеп медбикілері Б.К.Конуршиноваға, Г.Ш.Уксукбаеваға төмендегі міндеттер жүктелсін:
 - ас мәзіріне сәйкес тамақ сапасын үнемі қадағалап отыру;
 - керекті құжаттарды жүргізу;
 - санитарлық - гигиеналық талаптармен ережелерді сақтауды қадағалау ;
 - санитарлық паспорт, асханадағы санитарлық тәртіпті қадағалау;
 - асхана жұмыскерлерінің медициналық және алдын ала тексеруден уақытылы өтуін қадағалау;
 - оқушылардың денсаулығын бақылау мониторингісін жүргізіп отыру;
 - тамақтағы С дәруменімен оқушыларды қамтамасыз ету;
 - «Дайын астың сапасын тексеру» журналын жүргізіп отыру;
 - «Дайын және шикі тағамдарды жою» журналы жүргізіп отыру;
 - 2 апталық 1 айға арналған ас мәзірін жасап бекіттіріп отыру және күнделікті сайтқа жүктеп отыру;
 - азық-түлік тасымалдаушылардың, аспаздардың санитарлық-гигиеналық талапқа сай медициналық тексерістен уақытында өтіп тұруын, медициналық кітапшаларының болуын үнемі бақылау;
11. Бас аспаз Ештаева Нургуль Жанузаковнаға;

- ас мәзірін 2 аптаға дайындау;
- ұсыныс және ескертулер кітабы жүргізу;
- мектеп асхана жұмыс тәртібі мен қабылданған регламенті бойынша кулинарлық тағамдардың , дайын ас сапасын және «С» мәзіріндегі тағамдар тізімін сақтауды қадағалау;
- үй жағдайында дайындалған тағамдарды сатпау;
- санитарлық талапқа сай асхана бойынша жүргізілетін барлық құжаттарды ұқыпты жүргізу;

12. Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары

Т.М.Садвакасоваға :

- қойма және асхананы күзетуді қамтамасыз ету, тазалық жұмыстарының уақытымен жүргізілуіне бақылау жасау міндеттелсін;

10. Мектеп (бухгалтерия) есепші бөліміне:

- каражат қарастыру, есеп-қисап құжаттарын жүргізу (білім класс) ашық бухгалтерия есебін жүргізу тапсырылсын;
- мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ешмаганбетоваға және мектептің әлеуметтік педагогы Г.Кумбаеваға 1-11 сынып табельдерін жүргізу міндеттелсін;

13. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау директордың оқу-тәрбие ісінің орынбасары А.М.Ешмаганбетова тапсырылсын.

14. Оқушыларды тамақтандыруына бөлінген каражатты толық және ұтымды жұмсауды қадағалауды, осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

Г.Х.Оразова

Бұйрықпен таныстым: